Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу
бойынша әдістемелік
ұсынымдарға
4-қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:
Мұнайлы ауданы әкімінің аппаратына қарасты ауыл және ауылдық округ әкімінің аппараттары

№ р/с	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдер
1	Әлеуметтік сала мен айналысатын бас маман Кәсіпкерлік сала мен айналысатын бас маман	**«Бір жолғы берілетін материалдық көмек»** , **«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау»**, **«Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу»** қызмет түрі **«Ауыл аманаты»** мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2,5% несие алу қызмет түрі	**«Бір жолғы берілетін материалдық көмек»** қызметін электронды форматта көрсету мүмкіндігі болмағандықтан, яғни арнайы ақпараттық жүйенің орнатылмауына байланысты қызмет қағаз түрінде көрсетіледі. Аталған қызметті алушы әкімдіктің жауапты маманына келіп қағаз түрінде өтініш білдіреді. Сол өтініш білдіру кезінде маман мен қызметті алушының оңаша қалып байланысуы сыбайлас жемқорлық фактілерін тудыруға алып келуі ықтимал. **«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау»** мемлекеттік қызметі қазіргі таңда электронды форматта көрсетіліп келеді. Жоғарыда аталған қызмет бойынша және «Атаулы әлеуметтік көмек» қызметтеріне қатысты өтініштер келіп түскеннен кейін қызмет алушының материалдық тұрмыстық жағдайын тексеру үшін құжаттар учаскелік комиссияның қарауына ұсынылады. Бұл ретте учаскелік комиссияның төрағасы ауылдық округ әкімінің орынбасары. Учаскелік комиссия қызмет алушының тұрғылықты жеріне барып тексеру актісін жасау кезінде негізсіз тағайындау бойынша акт жасақтауы мүмкін. Ол өз кезегінде сыбайлас жемқорлық фактісін тудырады. «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны электронды түрде делінген. Алайда, Е-Лицензия АЖ мен «Жылжымайтын мүлік тіркелімі» МДБ арасында интеграция болмауы салдарынан қызмет алушыға электронды нұсқада көрсетілген қызмет нәтижесі шешім кадастрдың ақпараттық жүйесінде тіркелмеуде. Сонымен қатар «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі, жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры автоматтандырылған жүйесі арқылы жүзеге асырылып, орындалған қызмет нәтижесі, яғни ауыл әкімінің шешімі пдф форматта салынады. Осыған байланысты,мемлекеттік қызмет алушы қанағаттандырылған құжаттың (шешім) мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін қызмет берушіге қағаз түрінде шығарып беруін сұрап жолуға мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде қызмет беруші тарапынан әдеп кодексі сақталмай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алуы әбден мүмкін **«Ауыл аманаты»** мемлекеттік бағдарламасы аясында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2,5% несие алу үшін құжаттар топтамасын қағаз түрінде қабылдау жүктеліп отыр. Жеке тұлғалар несие алу үшін жүгінген кезде ұсынып отырған құжаттар топтамасы толық болмасада қабылдауын сұрап, қалған жетіспейтін құжаттарды ақша немесе бағалы сыйлық ұсынуы мүмкін. Осы міндетті орындау кезінде сыбайлас жемқорлық фактісінің орын алу қауіпін тудырады.

Сканировано с CamScanner